



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

География және туризм кафедрасы

Мамандыққа кіріспе. Туризмология негіздері пәнінен

5В090200 – Туризм мамандығының студенттеріне арналған

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандықтың Мемлекетті
жалпыға міндетті білім беру стандарты мен типтік бағдарламасы негізінде әзірленген пәннің оқу жұмыс бағдарламасын бекіту парағы



ПМУ ҰС Н 7.18.3/31

БЕКІТЕМІН

ОЖ жөніндегі проректор

_____ Н.Э.Пфейфер

20__ж. «__»_____

Құрастырушы: аға-оқытушы Б.А. Чашина _____

География және туризм кафедрасы

Мамандыққа кіріспе. Туризмология негіздері пәні бойынша
5В090200 – Туризм мамандығының студенттері үшін

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу жұмыс бағдарламасы 5В090200 – Туризм мамандығының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен РОӘК-мен 2006 жылғы 22 маусымда бекітілген типтік бағдарламасы негізінде әзірленген.

Кафедра отырысында ұсынылған 20__ж. «__»_____ №__ хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ Д.Д. Есімова 20__ж. «__»_____

Химиялық технология және жаратылыстану факультетінің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды

20__ж. «__»_____ №__ хаттама

ОӘК төрағасы _____ Р.Ж. Нұрғожин 20__ж. «__»_____

КЕЛІСІЛДІ

Факультет деканы _____ Қ.Қ. Ахметов 20__ж. «__»_____

ОӘБ МАҚҰЛДАНДЫ

ОӘБ бастығы _____ Е.Н. Жұманқұлова 20__ж. «__»_____

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды

20__ж. «__»_____ №__ хаттама

1 Пәннің мақсаты мен міндеттері

Пәнді оқытудың мақсаты - студенттерге «туризм» ұғымы туралы олардың кәсіби білім алу пәні, адам қоғамының іс-әрекет түрі, келешектегі еңбек ететін саласы ретінде жүйелі түсінік беру, туризм облысына кең профильді, халыққа туристік-экскурсиялық қызмет көрсетудің кез келген саласында жұмыс істей алатын мамандарды дайындау.

Пәнді оқытудың міндеттері:

□ туризмнің негізін салушы ұғымдармен (дефинициялармен);

□ туристік терминологияны жекелей талдаумен;

□ туризм үрдісінде өтетін және адам өміріне жан-жақты әсер ететін өте күрделі үрдістердің мәнімен студенттерді таныстыру. Сонымен қатар жүзеге асыру және реттеу қағидаларын қалыптастырудың маңызын ұғып түсіну қажет.

□ халық шаруашылық кешенінің маңызды ірі күрделі салаларының бірі – туризм сферасының территориялық ұйымдастырылуының ғылыми және практикалық негіздерімен студенттерді таныстыру;

□ туризмнің кеңістік және әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде қазіргі теориясымен студенттерді таныстыру;

□ студенттерді рекреациялық іс-әрекет және туризм индустриясы ұғымдарымен және олардың әр түрлі табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы жұмысын ұйымдастыру принциптерімен таныстыру;

□ студенттердің өндіріс пен мүмкін болатын оқыту іс-әрекетінде жетісті жұмыс істеу үшін болашақ мамандарға керекті туризм географиясы облысындағы терең білімдері мен практикалық дағдыларын бекіту.

Студент білу керек:

□ Туризмнің кеңістіктік әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретіндегі ұғымы мен негізгі мазмұнын: даму шарты мен негізін;

□ халық шаруашылық салалары жүйесіндегі орны мен рөлін,

□ ғылыми-техникалық революция заманындағы даму факторлары мен жағдайларын,

□ туристік ресурстары, туристік өнім және оны нарықта өткізу жөнінде.

□ туризмді территориялық ұйымдастырудың ғылыми және практикалық негіздерін;

□ туризмнің кеңістік және әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде қазіргі теориясын;

□ «рекреациялық іс-әрекет», «туризм индустриясы» деген ұғымдар мен олардың әр түрлі табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда жұмысын ұйымдастыруды.

□ туризмологияның теориялық-әдістемелік негіздерін практика жүзінде қолдана білуі керек;

□ әлемдік туризм индустриясының даму тенденцияларын, оның халықаралық сипатын;

□ туристік сферадағы кәсіпорындардың жеке түрлер арасындағы қатынастарын;

□ туризм индустриясының даму шарттарын, оның ерекшеліктерін.

Студент істей білу керек:

□ туризм саласының тәжірибелік іс-әрекетінде игерілген теоретикалық-әдістемелік білімдерді қолдануды;

□ туристік нарық жағдайларына кешенді талдау жасауды;

□ туристік практикада нормативті-заңды базаны қолдана білуі керек;

□ туристік кәсіпорындардың жұмысының стратегиясы мен тактикасын құрастыру;

□ туризм индустриясының объектілерінің банк мәліметтерін құрастыру.

2 Пререквизиттер: мектеп курсындағы география

Постреквизиттер: халықаралық туризм тарихы, халықаралық туризм географиясы



3 Пәннің мазмұны

| 3.1 ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ | | | | |
|-------------------------------|--|------------------|-------------|-----------|
| № р/с | Тақырып атауы | Сағаттар саны | | |
| | | Дәріс | Тәж. | СӨЖ |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Кіріспе. Туризмнің теориялық-әдістемелік негіздері | 3 | 3 | 12 |
| 2 | Туристік қызмет және туристік ресурстар | 3 | 3 | 12 |
| 3 | Туризм туралы ғылым және туристік білім беру | 3 | 3 | 12 |
| 4 | Рекреациялық географияның теоретикалық негіздері | 3 | 3 | 12 |
| 5 | Туризм географиясының теориялық негіздері | 3,5 | 3,5 | 14 |
| 6 | Туристік аудандарының қалыптасуының негізгі алғышарттары, олардың классификациясы мен бағалауы | 3,5 | 3,5 | 14 |
| 7 | Туризм халық шаруашылығының саласы ретінде | 3,5 | 3,5 | 14 |
| Нәтижесі: | | 22,5 | 22,5 | 90 |
| Барлығы | | 135 сағат | | |

3.2 Теориялық курстың мазмұны

№ 1 тақырып. Кіріспе. Туризмнің теориялық-әдістемелік негіздері

Кіріспе. Преамбула. Саяхаттар мен саяхатшылар. Саяхаттар мен туризм. Әдебиетке шолу. Туризм және турист. Туризм анықтамасы, туризмнің мақсаты, туризмнің ұйымдастыру формалары және негізгі категориялары. Турист ұғымы оның элементтері, құқықтар мен еріктері. Экскурсант және экскурсия. Туризм индустриясы. Туризм ұйымдасушылары, тасымалдаулар, қонақ үй қызметі, қоғамдық тамақтандыру, туризмдегі сақтандыру.

Шаруашылық саласы ретінде туризмнің дамуы елдердің тұрақты даму стратегиясымен күннен күнге байланусыда. Әлеуметтік-экономикалық дамудың катализаторы болып табылатын, құрамы жағынан бұл күрделі сала, экологиялық тұрғыда табиғатты мақсатты түрде қолдану негізінде адамдар өмір сүрудің жоғарғы сапада болуын қамтамасыз етуі мүмкін. Біздің көзімізше, ақырындап алға жылжып келе жатқан біздің Қазақстанда туризм өзектілік процесін бастап кешіруде. Сондықтан туризм кешенді әлеуметтік-экономикалық және кеңістік құбылыс ретінде пәнаралық зерттеулер объектісіне айналды. Яғни, туризмология (рекреология) ғылымының қалыптасуы жүруде және оның дамуына мынадай пәндер өз үлестерін қосуда. Олар экономика, әлеуметтану, заңтану, медицина, архитектура және басқа да жаратылыстану, техникалық, гуманитарлық ғылымдар жатады. Бірақ, бұл пәндердің әрқайсысы туризмді «өз тұрғысынан» оқытады. Сондықтан,

туризм туралы біржақты құрылған көзқарастар оның бір ғана пәндік емес екендігінен туризмология пәнінің дамуы байқалады. Осы ғылымдар ішінде байланыстырушылық және көп бағыт беруші – география пәнінің маңызы зор. Әзірше, жаңа ғылыми бағыттың қалыптасуымен байланысты, туризм географиясы туризмология ролімен толық шеше алады.

Туризм географиясы - қоғамдық география тармақтарының бірі ретінде ұсынылатын кеңістік және күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс туралы кешенді географиялық ғылым және қазіргі таңда туризмді біртұтас жүйе ретінде бейнелейтін жалғыз ғылым болып табылады.

№ 2 тақырып. Туристік қызмет және туристік ресурстар

Туристік қызмет. Турист – туристік қызмет тұтынушысы. Еңбек – туристік түрі. Турист өнім. Туристік тауарлар. Тур және туристік маршрут. Туристік қызметтерді стандарттау және сертификациялау. Туризм түрлері және түрлерінің бөлінуі. Туристік мүдде және туристік ресурстар. Экология және туризм. Ұлттық және тақырыптық туристік карталар.

№ 3 тақырып. Туризм туралы ғылым және туристік білім беру

Туризмнің халық шаруашылығының басқа салаларымен байланысы. Туризмді ғылыми тұрғыдан зерттеу. Туризм ғылымы, және ғылымның басқа салалары: психология, антропология, социология, экономика, информатика, құқық. Туризм географиясы. Әлеуметті туристік нарықты зерттеу. Туристік қызметтің негізгі мәселелері. "Турист" және "туристік" ұғымдарын іскерлік айналымдарда пайдалану. Туризм туралы ғылымды атау. Туристік терминология мәселелері қалай шешілу мәселелері. Ауыл, діни, жастар туризмі. ХХІ ғасырдағы туризм. Туристік білім беру жүйесі. Бұрынғы КСРО және Ресей Федерациясында туристік мамандарды даярлау. Қазақстандағы туристік білім беру.

№ 4 тақырып. Рекреациялық географияның теоретикалық негіздері

Рекреациялық географияның негізін қалаушы түсініктер. Бос уақыт, оның функциясымен адам өміріндегі орны. Рекреациялық іс-әрекет туралы түсінік, оның территориялық бөлінуі – күнделікті, апталық, жылдық рекреация. Демалыс адам қызметінің бөлігі ретінде. Рекреация анықтамасы адамның тұрақты жерінен тыс жердегі қызметі ретінде. Туризм рекреацияның бөлігі ретінде. Демалушы-рекреант-турист: ұғымдар ара қатынасы. Экскурсия туралы түсінік. Демалыс-рекреация-туризм-экскурсия: ұғымдар ара қатынасы. Ғылыми-техникалық революция, оның оң және теріс көріністері. Адамның физикалық және психикалық күшін алпына келтіру. Адамның рекреология (туризмология) деген жаңа пәнаралақ ғылыми обласын қалыптастыру. Өндірістік күштер мен қоғамдық қатынастар дамуымен байланысты рекреацияның қалыптасуының негізгі кезеңдері. Рекреациялық іс-әрекеттің жалпы құбылысқа айналуының объективтік алғышарттары. Рекреацияның әлеуметтік-экономикалық түпкі мәні және негізгі функциялары. «Рекреациялық іс-әрекеттер мотивтерінің» критикалық көрінісі.

Рекреациялық қажеттіліктер рекреациялық іс-әрекетінің кеңістіктік-уақыттық ұйымдастырылуының негізі

Рекреациялық қажеттіліктер түсінігі. Рекреациялық қажеттіліктер рекреациялық іс-әрекетінің ұйымдастырылуының негізі. Қоғамдық, топтық және жеке рекреациялық қажеттіліктердің өзара әрекеті. Рекреациялық қажеттіліктерді зерттеудің бағыттары мен әдістері. Рекреациялық қажеттіліктерді зерттеудің әлеуметтану әдістері. Рекреанттар топтарының табиғи және әлеуметтік-экономикалық рекреациялық ресурстарға, рекреациялық аудандардың типтеріне, рекреациялық әрекеттер циклдеріне, демалыс орындарының архитектуралық-жобалық құрылымының ерекшеліктеріне, демалысты өткізудің активтілік деңгейіне, әлеуметтік контактілердің тығыздығына қарай таңдамалары туралы түсініктер.

Рекреациялық іс-әрекет - әлеуметтік-экономикалық құбылыс және халықтың өмір сүруінің элементі

Мәні, құрылымы, классификациясы. Рекреациялық іс-әрекет психозмоциялық құбылыс ретінде. Рекреациялық іс-әрекет – территориялық рекреациялық жүйелердегі (ТРЖ)

жүйе құрушы фактор негізі ретінде. Еңбек режимі мен демалыс режимінің ара қатынасы. Рекреациялық іс-әрекетінің қоғамдық функциялардың негізгі топтарының сипаттамасы: 1) медико-биологиялық; 2) әлеуметтік-мәдени; 3) экономикалық; 4) саяси, 5) экологиялық. Рекреациялық іс-әрекетінің эволюциясындағы тенденциялар. Рекреациялық іс-әрекеттердің технологиялық функциялары.

Рекреациялық іс-әрекеттердің жүйелері мен циклдері. Тәуліктік, отпуск және өмірлік циклдерінің құрылысы. Рекреациялық қызмет көрсету материалды емес өндіріс сферасының саласы ретінде. Рекреациялық жүйе және территориялық рекреациялық жүйелер түсініктерінің ара қатынасы: сала және мекеме. Рекреациялық сала мен туризм индустриясы. Рекреациялық саланың арнайы ерекшеліктері.

Рекреациялық география - қоғамдық географиялық ғылымның жаңа саласы

Рекреациялық мәселелерді зерттеулердің «географиялығы». Рекреациялық зерттеудің пәнаралық сипаты. Рекреациялық география - қоғамдық-географиялық ғылым ретінде. Объектінің анықтамасы және зерттеудің пәні және территориялық рекреациялық жүйе туралы түсініктер (В.С. Преображенский, Л.И. Мухина, Ю.А. Веденин, И.В. Зорин). Рекреациялық жүйенің антропоцентрикалық мәні. Рекреациялық географияның адам, қоғам және оның іс-әрекеті туралы білім жүйесінде алатын орны; қоғамдық, жаратылыстық, техникалық ғылым жүйелерінде алатын орны. Рекреациялық-географиялық зерттеулердің қажеттілігі. Рекреациялық географияда қолданылатын негізгі түсініктер. Рекреациялық іс-әрекеттердегі статистикалық есеп беру тәсілдері. Рекреациялық географияның міндеттері. Рекреациялық география және тәжірибе. ТРЖ, оны құрайтын жүйелер байланысы рекреациялық іс-әрекеттердің жүйелік талдау және оған қызмет көрсету пәні ретінде. В.М. Кривошееваның және И.И. Зоринның матрицасы. ТРЖ шағын жүйелерінің нақты өзара байланыстарын талдау.

№ 5 тақырып. Туризм географиясының теориялық негіздері

Рекреациялық география және туризм географиясы – қоғамдық (әлеуметтік-экономикалық) географияның салалық пәндері. Демалыс географиясы туралы түсінік. Рекреациялық және туризм географиясын зерттеудегі объекті мен пәндегі айырмашылықтар мен ұқсастықтар. Рекреациялық география және туризм географиясы - ұғымдар ара қатынасы. Туризм географиясында қолданылатын негізгі түсініктер мен атау сөздер. «Туризм» және «турист» атау сөздерінің шығу тегі. Туризм және туристер туралы қазіргі көзқарастар. Туризмнің жұмыстық және концептуалдық дефинициялары. Саяхаттаушы тұлғалар және уақытша келушілер. Демалыс және туризм дамуының алғышарттары мен ресурстары және рекреациялық потенциалы туралы түсінігі. Туристік-рекреациялық ресурстардың «аттрактивтілігі». «Рекреацияның шаруашылық потенциалы», туристік территориялардың таксономиялары туралы түсінігі. Туристік инфрақұрылым және туристік шаруашылық.

Туризм географиясы ғылым ретінде. Туризм географиясы – әлеуметтік-экономикалық (қоғамдық) географияның жаңа саласы. Туризм географиясының зерттеу объектісі мен пәні. Туризм географиясының мақсаттары мен міндеттері. Туризм географиясының әдістемелік өзінділігі. Мәселелердің үш тематикалық топтары: туризм дамуы үшін географиялық кеңістіктің жарамдылығы; туристік қозғалыс кеңістік әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде; интегралдық критерийлер негізіндегі туристік құбылыстардың кеңістік классификациясы. Туризм географиясы географиялық және басқа ғылымдар жүйесінде. Географияның соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі кезеңдердегі орны туралы пікірталас. Туризм географиясының ғылыми байланыстар ендігі, оның себептері. Туризм географиясының жаратылыстану, қоғамдық, техникалық ғылымдармен байланысындағы ерекшеліктер. Туризм географиясының жоспаралды және жобалар дайындауға қатысуы. Туризм географиясының ТМД елдері мен Қазақстандағы даму деңгейі.

Қазіргі туризмнің классификациясы

Қазіргі туризмнің классификациясы, оның күрделілігі жалпыға бірдей көзқарастардың жоқтығы. Бұл классификацияның маңызы. Саяхат мақсатынан шығып отырған туризм классификациясы туралы сұрақтың талқыналулығы.

Рекреациялық, іскерлік, діни, этникалық туризм. Жалпылық, элитарлық, коммерциялық, әлеуметтік, ұйымдасқан, өзіндік, белсенді және белсенді емес, көліктік және экологиялық туризм.

№ 6 тақырып. Туристік аудандарының қалыптасуының негізгі алғышарттары, олардың классификациясы мен бағалауы

Территорияны рекреациялық бағалау. Демалыс пен туризм дамуының табиғи және әлеуметтік-экономикалық алғышарттары, туристік-рекреациялық ресурстарға көшу. Табиғи, әлеуметтік-экономикалық, туристік-рекреациялық ресурстар, олардың туризм дамуындағы ролі мен маңызы. Туристік-рекреациялық ресурстардың маңызды сипаттамалары. Демалыс және туризм мақсаттары үшін туристік-рекреациялық ресурстарды бағалау және жарамдылығын анықтау – туризм географиясының басты міндеттерінің бірі. Бағалау шкалалары. Табиғи рекреациялық ресурстарды бағалаудың үш негізгі түрлері: медико-биологиялық, психологиялық-эстетикалық, технологиялық. Рекреациялық ресурстардың сапалық және балдық бағалау формалары. Бағалаудың әдістемелік көрсеткіштерін өңдеу бойынша Л.И. Мухинаның жұмыстары. Ю.А. Веденин, Н.И. Мирошниченко, Е.А. Котляров, Я. Варшинскийлардың ойлары. «Тартымдылық коэффициенті (жарамдылық)». Территорияның «жиынтық туристік-рекреациялық потенциалына» баға берудегі көзқарастар.

Туристік территорияны аудандастыру. Тиімді ғылыми-нақтыланған туристік территорияларды аудандастырудан халық шаруашылығының саласы ретінде туризмнің территориялық ұйымдастырылуы мен әсерлі дамуының тәуелділігі. Туристік аудандастыру мақсатында бұрынғы КСРО және Ресей үшін территорияны зерттеу дамуының тарихы. Н.С. Мироненко, И.Т. Твердохлебов, Б.Н. Лиханов, В.С. Преображенский, Е.А. Котляров еңбектері. Демалыс пен туризм үшін Қазақстан территориясын аудандастыру талпыныстары. Түсініктер ара қатынасы: «рекреациялық аудан», «туристік аудан», осы түсініктердің қысқаша эволюция тарихы. Туристік аудандарға тән ерекшеліктер мен олардың құрылу механизмі. Салалық (интегралдық) әлеуметтік-экономикалық аудан ретінде туристік аудан туралы түсінік. стьрудың әдістері. Туристік аудандар таксономиясы.

Туризмнің дамуы және табиғатты қорғау. Территорияның рекреациялық сыйымдылығын оқыту мәселелері – халықтың демалыспен толық қамтылуын қамтамасыз ету және туризмге «агрессивтік» әсерлерден табиғатты қорғау сияқты бір-бірімен байланысты екі мәселені шешу қажеттілігімен байланысты қазіргі туризм географиясының өзекті және маңызды міндеттері. Рекреациялық сыйымдылық түсінігі анықтамасына әр түрлі көзқарастар. Рекреациялық іс-әрекет жағдайының комфорттығын қорғау және деградациялау мақсатында табиғи кешендерге рекреациялық салмақтарды оңтайлаудың қажеттілігі. Рекреациялық салмақтар нормативтерін жасау. «Аудандастырылған» нормативтер. Осы облыста жүргізілген жұмыстар: поляк ғалымдары – Костровицкий А., Марша А., кеңес ғалымдары – Н.С. Казанская, В.П. Чинова, Е.Д. Смирнова, Б.Б. Родоман және т.б. Тиімді рекреациялық табиғат пайдаланудың негіздерін жасау – бұл туризм географиясы мен рекреациялық географияның қолданбалы міндеттерінің бірі. Рекреациялық табиғат пайдаланудың тиімді технологиясы, оның әдістері мен механизмдері.

№ 7 тақырып. Туризм халық шаруашылығының саласы ретінде

Туризм анықтамасының мәні. Туризм күрделі кеңістіктік әлеуметтік-экономикалық құбылыс пен күрделі қоғамдық шаруашылық жүйесі ретінде. Отандық және шетел ғалымдарының туризм анықтамасына концептуалды және мәндік әр түрлі көзқарастары. Дүниежүзілік Туристік Ұйыммен (ДТҰ) қабылданған қазіргі туризмнің концептуалды моделі («туризм индустриясы»), оның шағын жүйелері (элементтері) және олардың бір-бірімен, сыртқы ортамен байланыстары. Туристік жүйенің жұмыс механизмын түсіндіру. Туризм индустриясы туралы түсінік. Туристік кәсіпорындар туристік қызметтерді өндіретін туризм индустрия құрамының бір бөлігі ретінде. Туроператорлар мен турагенттер, туристік

кәсіпорындар мен олардың қызметінің сипаттамасы. Өндірудің материалдық және атериалдық емес сферасындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың жиынтығы ретінде туризм индустриясының түсінгі. Олар туристерге арналған тауарлар мен қызметтерді өндіру, бөлу, алмастыру және тұтынуды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ туристік-рекреациялық ресурстарды пайдалану мен игеру және туризмнің материалдық-техникалық базаларын құруды қамтамасыз етеді.

Туристік нарықты функциялау. Туристік сұраныс, материалды-тұрмыстық және мәдени-танымдық қызығушылықтарды қанағаттандыра алатын, әр түрлі қызметтер және тұтыну заттары кешеніне тұтынушы сұранысының жаңа формасы ретінде. Туристік өнім туралы түсінік. Туристік сұранысқа тән ерекшеліктер. Факторлардың әсерінен қалыптасатын туристік сұраныс. Туристік ұсыныс туристік құндылықтардың және көрсетілетін туристік қызметтердің жиынтығы ретінде. Туристік ұсыныстар тәуелді болатын элементтер. Туристік аттрактивтілік қалыптасқан ұсыныс ретінде. Туристік нарық, оның ерекшеліктері. Туризмдегі алу-сату үрдісі.

Туристік шаруашылық. Туристік шаруашылық туристік ұсыныстың негізгі элементінің бірі ретінде және туристердің келуі мен кетуінде ынталандыруынан құралатын және дамитын әр түрлі секторлардың кешені ретінде. Тура және жанама туристік шаруашылық. Түнеу базасы, оның туризм дамуындағы маңызы, сипаттамасы. Тамақтану базасы, оның құрылымымен сипаты (гастрономиялық, сауда және қамтамасыз ету мекемелері). Коммуникациялық база, оның құрылымы (көліктік-коммуникациялық желісі, көлік құралдары, көлік қозғалысын ұйымдастыратын қызмет бөлімі, көлік және байланыстың техникалық базасы), сипаты. Қосымша база – туристік шаруашылықтың басты элементі ретінде, оның құрылымы мен сипаты. Туризмдегі материалдық-техникалық базаның даму мәселелері мен болашағы.

Туризм экономика саласы ретінде. Экономиканың саласы ретіндегі туризмнің ерекшеліктері: бір уақытта өнімнің өндіріліп және сатылуы, туристік өнімнің бір жерде өндіріліп, пайдалануы, өндірілетін объектіге тұтынушыны қызмет көрсетілгенге дейін көлікпен тасымалдау, туристік өнімнің «өзін өзі шығаруы», тұтынылатын туристік агрегирдік ресурстардың өзіндік түрі. Туристік қызмет көрсетудің мәні мен мазмұны, ол күрделі кешенді, ұзақмерзімді және уақыты мен орны әр түрлі өндірістің үрдісі, әр түрлі қызмет түрлері мен тауарлардың ұсынысы және сатылуы. Туризмдегі қызмет көрсету – бәсекелестік күрестегі ең күшті қару. Туристік қызмет көрсету сапасының критерийлері мен көрсеткіштері. Туристік қызмет көрсету сапасын балдық әдіспен бағалау.

Туризм менеджменті туралы түсінік. Туризмдегі менеджмент міндеттері. Туризмдегі менеджмент ерекшелігі: тереңге тарауы және элементтерінің өзара байланысының күрделілігі, түсініксіз және қиын өлшенетін мақсаттар, аймаққа шектелуі түрдегі әсері, клиенттер жағынан күшті әсер, қалыптасу көзінен ажырамайтындылығынан туратын туристік өнімнің ерекшелігі, туристік өнімнің сыртқы әсері, туристік сұраныстың ерекшелігі (сезіну мен сақталуға мүмкін еместігі, туристік қызметті тұтынушылардың әртүрлілігі, елдегі қоғамдық факторлардың жоғарғы маңыздылығы), туристік қызметтің кешенділігі, туризмнің маусымдылығы. Кез келген туристік мекемені басқарудағы төрт осыған негізделген ерекшеліктер. Туристік фирмалардың мақсаты мен стратегиясы. Мақсаттың үш түрі: экономикалық, фирмалық, әлеуметтік. Құрылым туристік ұйымның маңызды элементі ретінде, ұйымдастыру құрылымдарының түрі. Инновациялық құрылым туралы түсінік.

Туризм маркетингі туралы түсінік. Х. Криппендорф және туризм маркетингі. Туризм маркетингі бұл туристік мекеменің іс-әрекетінің жүйелі түрде өзгеруі және координациясы, сонымен қатар туризм облысындағы жеке және мемлекеттік саясат. Туристік өнімнің ерекшеліктері мен анықталатын туристік маркетингінің ерекшелігі, туристік қызметті тұтынушы және оны өндірушінің арнайы ерекшеліктері. Туристік сұраныстың икемділігінің конъюктураға, табысқа, білім деңгейіне, бағаға, жарнамаға және тағы басқа факторларға тәуелділігі. Туристік маркетинг-бағдарламалар. Туристік маркетингінің стратегиялық мәні.

Халықаралық туризм сыртқы экономикалық қатынастардың түрі ретінде

Халықаралық туризмнің арнайы ерекшеліктері, ішкі туризмнен айырмашылығы. Шетелдік туризмнің елдердің экономикалық дамуына әсері. Халықаралық туризмнің негізгі факторлары мен шарттары. Халықаралық туризмнің статистикасы. Халықаралық туризм дамуының қазіргі тенденциялары және әлемдік туристік ағымдардың географиясы. Халықаралық туристік ұйымдар және туризм дамуындағы олардың ролі.

| 3.3 ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ | | | | |
|--|--|--|--------------------------------------|---------------------|
| № | Наименование тем | Содержание | Сроки выполнения (по неделям) | Аббревиатура |
| 1 | 2 | 3 | 5 | 6 |
| 1 | Кіріспе. Туризмнің теориялық-әдістемелік негіздері | <p>11. Курс міндеттері және қолданылатын әдебиеттер тізімі.</p> <p>22.Саяхаттар және саяхатшылар, олардың түрлері.</p> <p>33.Туризм ұғымы, оның басқа саяхаттардан айырмашылығы.</p> <p>44. Туристік саяхаттың мерзімі, уақытша қоныстану, тұрғылықты өмір сүру, туризм мерзімділігі.</p> | 2 | T1 |
| 2 | Туристік қызмет және туристік ресурстар | <p>1. Туризм ұйымдастырылуының формалары және негізгі категориялары.</p> <p>2. Туризм ұғымы, оның элементтері.</p> <p>3. Туристің құқықтары мен еріктері.</p> <p>4. Туристік қызмет. Туристік қызметтер құрамы.</p> <p>5. Турист – туристік қызметтердің тұтынушысы.</p> <p>6. Еңбек – туристік қызмет түрі.</p> <p>7. Туристік өнім ұғымы. Тур және туристік маршрут.</p> | 4 | T2 |
| 3 | Туризм туралы ғылым және туристік білім беру | <p>1. Туризм ғылымы және туризмді ғылыми тұрғыдан зерттеу.</p> <p>2. Болашақ туристік нарықты зерттеу.</p> <p>3. Туризмдегі терминология мәселелері. «Турист», «туристік» ұғымдары.</p> <p>4. Ауыл, діни, жастар туризмі.</p> <p>5. ХХІ ғасырдағы туризм.</p> <p>6. Бұрынғы КСРО және Ресей Федерациясында туристік мамандарды даярлау.</p> <p>7. Қазақстандағы туристік білім беру.</p> | 6 | T3 |

| | | | | |
|---|--|--|----|----|
| 4 | Рекреациялық географияның теоретикалық негіздері | <p>1. Қоғамдық, топтық және жеке рекреациялық қажеттіліктердің өзара әрекеттері мен мәні.</p> <p>2. «Рекреант», «турист», «экскурсант» деген түсініктерді сипаттама.</p> <p>3. «Рекреациялық алғышарттар», «рекреациялық ресурстар» деген түсініктерді сипатта, олардың арасындағы айырмашылықтар неде?</p> <p>4. «Территорияны рекреациялық игеру», «территорияның рекреациялық игерілгендігі», «рекреациялық шаруашылық» (рекреациялық инфрақұрылым) деген түсініктерді сипаттама беру.</p> <p>5. Рекреациялық іс-әрекеттің негізгі функцияларына сипаттама беру: 1) медико-биологиялық; 2) әлеуметтік-мәдени; 3) экономикалық; 4) саяси.</p> | 8 | Т4 |
| 5 | Туризм географиясының теориялық негіздері | <p>1. Территорияның «туристік сыйымдық» және «туристік сыйымдылық» туралы түсінігі.</p> <p>2. Рекреациялық территорияның негізгі түрлерін сипаттап бер.</p> <p>3. Туризм географиясы және рекреациялық география – түсініктердің өзара қатынасы.</p> <p>4. Туризм географиясының объектісі, пәні, зерттеу әдістері, мақсаты мен міндеттері – қоғамдық-географияғылымының жаңа бағыты.</p> <p>5. Туризм географиясында қолданылатын негізгі түсініктер мен атаулар.</p> <p>6. Туризмнің жүйе ретіндегі анықтамасы: туризмнің статистикасың және міндік анықтамасы.</p> <p>7. Қазіргі туризмнің классификациясы.</p> <p>8. Туризм географиясы географиялық және басқа да ғылымдар жүйесінде.</p> | 10 | Т5 |

| | | | | |
|---|--|--|----|----|
| 6 | Туристік аудандарының қалыптасуының негізгі алғышарттары, олардың классификациясы мен бағалауы | 1. Туризм дамуының табиғи және әлеуметтік-экономикалық алғышарттары, туристік-рекреациялық ресурстар, олардың классификациясы. 2. Территорияны рекреациялық бағалаудың әдістемесі мен критериялары, табиғи және әлеуметтік-экономикалық туристік-рекреациялық ресурстарды бағалаудың әдістемесі. 3. Демалыс пен туризм мақсаты үшін территорияны аудандастыру, туристік орталықтардың функционалдық типологиясы. 4. Туризмнің дамуы және табиғатты қорғау. | 12 | T6 |
| 7 | Туризм халық шаруашылығының саласы ретінде | 1. Қоғамдық еңбектің территориялық бөліну жүйесіндегі туризм индустриясының орны мен ролі. 2. Туристік өнім туралы түсінік. 3. Туризм менеджменті туралы түсінік. 4. Туризм маркетингі туралы түсінік. 5. Халықаралық туризм сыртқы сауданың және сыртқы экономикалық байланыстарының түрі ретінде. 6. Салалық әлеуметтік-экономикалық аудан ретіндегі туристік 7. ауданға түсінік. 8. Р. Косумова, Э. Кобахидзе, Л. Мухина, В. Преображенский, Н. Мироненко мен И. Твердохлебовтардың көзқарастары бойынша туристік ауданның анықтамасы. 9. Туристік-рекреациялық аудандастырудың таксономиялық бірліктері. | 15 | T7 |

3.4 СӨЖ мазмұны

| № | СӨЖМ түрі | Есеп беру формасы | Бақылау түрі | Сағат көлемі |
|----------|---|-------------------|---|--------------|
| 1 | Дәріс сабақтарына дайындық | - | Сабаққа қатысуы | 25 |
| 2 | Тәжірибе сабақтарына дайындық, үй тапсырмаларын орындау | Жұмыс дәптері | Сабаққа қатысуы | 25 |
| 3 | Пәннің терминологиялық базасын құрастыру | Глоссарий | Ауызша сұрау | 20 |
| 4 | Бақылау шараларына дайындық | | МБ 1, МБ 2, коллоквиум (тестілеу және басқалар) | 20 |
| Барлығы: | | | | 90 |



5B090200 – Туризм мамандығының оқу жұмыс жоспарынан көшірме
Пәннің атауы Мамандыққа кіріспе. Туризмология негіздері

| Оқу түрі | Пәннің еңбек сыйымдылығы | | | | Семестр бойынша бақылау түрі | | | | Се- ме- стр | Семестр бойынша студенттер жұмысының көлемі | | | | | |
|-------------------------------------|--------------------------|-------------------|-----|-----|------------------------------|-----|----|----|-------------------|---|-------------------|------|------|--------------|------|
| | кре- дит саны | академиялық сағат | | | емт. | сын | КЖ | КЖ | | кре- дит саны | академиялық сағат | | | СӨЖ | |
| | | бар- лығы | ауд | СӨЖ | | | | | | | бар- лығы | дәр | тәж | бар- лығы | ОСӨЖ |
| ЖОБ негізін- дегі күндізгі | 3 | 135 | 45 | 90 | 2 | | | | 2 | 3 | 45 | 22,5 | 22,5 | 90 | 22,5 |

Кафедра меңгерушісі _____ Д.Д. Есімова «_____» _____ 20 ж.

Әдебиет

Негізгі:

1 Ердәулетов С.Р. Туризм географиясы: туризмология негіздері пәні бойынша оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2011

2 Сұрағанова С.Қ. Туризмдегі туристік қызметтің негіздері. - Астана: Елорда, 2007

Қосымша:

3 Алиева Ж.Н. Туризмология негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 2004.-172с.